



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№22 (1804)
29 мамыр
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

ТҮЛЕКТЕР КҮНІ

тәрбиелік мәнімен есте қалуы тиіс

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, бітіруші түлектері, магистрант, докторанттары!

Қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағында жеті жыл бұрын қалыптасып, әр жылы мамырдың соңғы сенбісінде атап өтілетін Түлектер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Білім ордасын бітіріп кеткен және енді ғана қолына диплом алғалы отырған түлектер үшін бұл күннің маңызы – алдыңғы толқынды үлгі ете отырып, кейінгі буынды ортақ мақсатқа жұмылдыру деп білемін.

Біздің басты міндетіміз – университет қабырғасында алған біліміміз бен кәсіби білігімізді ел дамуына жұмсау, қазақ білімі мен ғылымын әлемдік қауымдастық алдында таныту.

Қазақстанның Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Тұғырлы мемлекетімізді ғұмырлы ету – біздің ортақ мүддеміз» болуы тиіс.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәріннен қымбат» атты мақаласында көрсетілгендей, «Қуатты мемлекет және бәсекеге қабілетті ұлт» дәрежесіне көтерілу.

«Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекетімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деп ойланатын уақыт. Сондықтан Түлектер күні ағым-



дағы өте шығар бір күндік шара емес, салтанатты сәнімен қоса, тәрбиелік мәнімен есте қалуы керек деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер, түлектер!

Біз биылғы оқу жылында әлемдік пандемияның түрлі кедергілеріне қарамастан, 7000-ға жуық түлекті өмір жолына үкілеп шығарып салмақпыз. Оның 5000-ға жуығы білім алушы студенттер болса, қалғаны магистрант, докторанттар. Оқу орнынан қанат қаққалы отырған жас мамандардың көп ұзамай өз орнын тауып, өз сүрлеуін саларына сенім мол.

Түрлі салада еңбек етіп, қайраткер тұлғаға айналып, мерейтойлық

кездесуге онлайн қатысып отырған азаматтарға ыстық ықыласым мен арнайы құттықтауымды жеткіземін.

ҚазҰУ-дың атын шығарып, мерейін тасытып жүргендеріңіз үшін мың алғыс!

Конституциялық Кеңес төрағасы Қайрат Мәми басқаратын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығына альма-матерге деген жанашырлығы мен қолдаулары үшін ерекше ризашылығымды білдіремін.

Жолың болсын, жас маман!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт Қансейітұлы
ТҮЙМЕБАЕВ

Қайрат МӘМИ,

Конституциялық Кеңес төрағасы,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының президенті:

Қазақстандық элитаның ұстаханасы



– Қайрат Әбдіразақұлы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да алған іліміңіз үлкен жетістіктердің алғашқы баспалдағы болды. Биіктен көрініп жүрген өзіңіздей тәлімді шәкірттің ұстаздары да осал болмағаны анық. Үлгі тұтып, бағыт-бағдар алған ұстаздарыңыздан кімді атар едіңіз?

– Еліміздің жоғары білім ордаларының қарашаңырағы – Қазақ ұлттық университетіне ризашылығымды білдіре отырып, ұстаздарым мен ғылыми жетекшілеріме алғысым шексіз екенін айтқым келеді. Алғашқы декандарымыз Қазий Үргенішбаев пен Қалимолла Халықов болды. Сондай-ақ әйгілі ұстаздар Юрий Басин, Сұлтан Сартаев, Асабай Мамытов, Алексей Худяков, Сағындық Байсалов, Еркін Жәкішев, Анатолий Диденко және тағы басқа көрнекті педагогтардан тәлім алдық. Бізді қайталанбас академиктер Салық Зимановтың, Ғайрат Сапарғалиевтің сабақтары тәнті етті. Олардың терең білімі, біліктілігі мен шешендігі болашақ мамандығымыздың құпияларын білуге жол ашты. Ғылымға шын берілген осындай тұлғалармен шығармашылық қарым-қатынас кәсіби шыңдалуымызға, болашағымызды айқындауымызға себеп болды.

– Студент кезіңізде кім болуды, қандай биіктерді бағындыруды армандадыңыз? Бүгінде сол арман-мақсатыңызға жеттіңіз бе?

– Әрине, жарқын болашақ туралы армандадым, алайда тағдыр маған қандай тосын сый дайындап қойғанын болжай алған жоқпын. Жасыратыны жоқ, сот не прокурор болу менің мақсат-арманым болды. Бірақ Жоғарғы соттың төрағасы, бас прокурор болу үш ұйықтасам түсіме кірмейтін арман болатын. Екі жыл бұрын студенттермен кездесулердің бірінде аудиториядан: «Жоғарғы соттың төрағасы болу үшін не істеу керек?» деген сұрақ қойылды.

Жалғасы 2-бетте

Жылдың үздік студенттері

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде факультеттер атынан үздік бітіруші студенттерге түлектер стипендиясы тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығы президенті Қайрат Әбдіразақұлы Мәмидің қолынан марапат алу да түлектер жадында ерекше сақталары сөзсіз.

Келешегіне сеніммен қарап, ертеңінен үміт күтетін үздік студенттердің тізімі:

1. Бекзат ӘДІЛБАЙ, География және табиғатты пайдалану факультеті

2. Ерсултан БЕЙСЕН, Ақпараттық технологиялар факультеті
3. Жайнат БЕРДІБЕКҚЫЗЫ, Химия және химиялық технология факультеті

4. Дәулет БЕРКІМБАЕВ, Физикатехникалық факультеті

5. Кәмила ЕМАНҒАЛИЕВА, Филология және әлем тілдері факультеті

6. Аягүл ЖАДІЛ, Биология және биотехнология факультеті

7. Алмабек ИБРАЙЫМОВ, Журналистика факультеті

8. Мейіржан ИСАБАЙ, Тарих, археология және этнология факультеті
9. Дана КЕНЖЕҒАЛИЕВА, Шығыстану факультеті

10. Майра МЕЛІС, Денсаулық сақтау және медицина факультеті

11. Ақжарқын СМАТУЛЛА, Халықаралық қатынастар факультеті

12. Бекзат СҰЛТАН, Механика-математика факультеті

13. Арман ТАСҚАЛИЕВ, Экономика және бизнес жоғары мектебі

14. Аяжан ТӨЛЕГЕН, Заң факультеті

15. Жәния ХАСИЕТОВА, Философия және саясаттану факультеті.



ҚҰРМЕТ
БИГІНДЕГІ
ҚАЙРАТКЕР

3



ҰЛТТЫ САҚТАП
ҚАЛУ ҚАМЫ –
БІЛІМДЕ

5



TOURISMKAZ –
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
ТРЕНД

6

Жалғасы.
Басы 1-бетте

Ол жігіттің сұрағы, әрине, жасандылықсыз, табиғилығымен ерекшеленіп тұрды. Осы тектес сұрақтар әрқашан алдыман шығады. Қысқаша жауап берсем, біріншіден, ондай биіктерге апаратын жолдың ұзақтығымен қатар, ой-шұқыры да көп болады. Сол үшін кездескен сәттіліктер мен қиындықтарды бірде тез, бірде баяу еңсеру керек. Осындай сын сәттерде жолдан адастырмас, бағыт-бағдарымыз айқындайтын компасым өз устанымым болды. Ол – ең алдымен таңдаған маман-

әлеуметтік өмірдің білім және ғылым салаларында, мемлекеттік биліктің барлық тармақтарында биік лауазымдарға көтеріліп, қоғамымыздың ең танымал, беделді әрі сыйлы азаматтарына айналғандары көп. Біздің буынға қазақ білімінің қарашаңырағы – ҚазҰУ-да білім алу ғана емес, студенттер қалашығының іргесін қалау құрметі де бұйырды. Бүгінде үлкен қаланың бір шағынауданына айналған қалашықтың әр корпусы, әр жатақханасы, әр бұрышы біз үшін ыстық.

Осындай ұзақ еңбек жолында студенттік бауырластық қағидаттары мен өзара көмек көрсету әрі

трлер, әкімдер, елшілер, ғалымдар, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, жазушылар мен ақындар бар. Бұл да жобаның өзіндік ерекшелігі. Төтенше және өкілетті елшілер Б.Сәрсенбаев пен Қ.Әбусейітовтер авторлар материалына сараптамалық баға береді.

Республиканың тәуелсіздік жылдарында біздің университет түлектерінің ішінде бір премьер-министр және оның бес орынбасары, үш сенат төрағасы, екі мәжіліс төрағасы және оның орынбасарлары, үш мемлекеттік хатшы, үш президент өкілшілігінің басшысы және оның

Қайрат МӘМИ, Конституциялық Кеңес төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының президенті:

Қазақстандық элитаның ұстаханасы

дығына адалдық және адамдарды жақсы көру. Менің жеткен жетістіктерімнің негізінде тек қана еңбек жатыр. Екіншіден, білімді үнемі ұштастырып, дамытып отыру керек. Ешкім бірден бәрін біліп тұмайды, бұл үлкен және күрделі жұмыстың нәтижесі. Тіпті тереңіне үңілер болсақ, сәттілік өз-өзінді қамшылаумен жеңуден басталады.

– Өзіңіз оқыған жылдарда курстастарыңызбен, ұстаздарыңызбен өткізген жылы естеліктеріңізбен бөліссеңіз.

– Біз өткен ғасырдың 70-жылдары арман қала – Алматыға республиканың әр түкпірінен келдік. Алғашқы сәттен бастап сол уақыттағы ел астанасының ерекше энергиясымен бірге, өзіміз құжат тапсырған оқу орнында қалыптасқан үлкен конкурсты сезіндік. Әрқайсымыз армандағандай ҚазҰУ-дың заң факультетінің студенті атандық. Заңгер мамандығының мәртебесі әр кезде де өзекті болатынына сендік. Біз бұл саланы саналы түрде таңдадық.

Курстастарымыздың басым бөлігі әскер қатарында қызмет еткен немесе зауыт-фабрика, колхоз-совхоздарда жұмыс істеген қыз-жігіттер болды. Сондықтан көптеген танымал заңгерлердің еңбек өтілі жұмысшы лауазымдарынан басталғанына таңғалмау керек. Ең бастысы, бұл ғана емес, бізді достық, өзара көмек және романтика біріктірді. Әлі күнге дейін сонау жастықтың жайлы кештерінде би билеп немесе гитарамен ән шырқайтын ыстық шақтар ұмытылған емес.

Биыл – ҚазҰУ дипломын алғанымызға 40 жыл. Барлық достарды осы айтулы күнмен құттықтаймын! Жылдар өте келе, тиянақты білімімізге тәжірибе мен даналық та қосылды. Сонымен бірге бізге жаңа тәуелсіз мемлекеттің іргесін қалау және нығайту бақыты бұйырды.

1981 жылы оқу бітірген біздің курсты заң факультеті тарихындағы «ең жұлдызы биік» курстың бірі деп бағалайтын пікірдің кейде қылаң беріп қалатыны бар. Оған негіз жоқ емес. Себебі біздің курстың түлектері арасынан

жылы сезімдерімізді сақтай білдік. Курстастарымыздың кейбіреуі ғылым жолын таңдап, кейін ғылым докторлары мен ректор қызметтеріне дейін көтерілді. Олардың ішінде Әбдіманап Бектұрғанов пен Зайлағи Кенжалиев ерекше атап өтуге лайық. Арамыздан республикаға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, заңгерлер шықты. Олардың қатарында Мұсабек Әлімбаев, Зағипа Балиева, Қозы-Көрпеш Кәрбозов, Әділ Қырықбаев, Рашид Жақыпов, Дастан Сартаев және басқалар бар.

– Альма-матердің атауына лайықты әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай, түлектер университетке сый ретінде циферблатты механикалық сағатты ұсынған-ды. Құдды студенттерге «Әр сәттіңнің қадірін ұқ...» деп тұрған уақыт жаршысыңдай. Мұндай тосын сыйлық кімді болсын елең еткірмей қоймасы анық. Түлектердің киелі шаңыраққа деген тағы қандай тосын сыйлары мен жоба-жоспарлары бар?

– Бұл жомарт сыйлық дәстүрлі жалпыуниверситеттік мереке – Түлектер күніне тарту. Сағатстелла түлектердің университеттің даму эндаумент қорының қолдау көрсетуіндегі пәрменділігін бейнелейді. Ол қарлы Іле Алатауы сияқты жылдың кез келген уақытында өзінің сұлулығымен қуантып, «Уақыттың құнын біл, минуттың салмағын біл, секундтың есебін біл!» деп, әркімге өте маңызды шындықты еске салып тұратын болады. Сондай-ақ жылдың басты мерейтойлық оқиғасы – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, «Қайраткерлер қолтаңбасы. Автографы авторитетов» кітабы әзірленуде. Ол ҚазҰУ-дың ел тәуелсіздігінің қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесі туралы болмақ. Кітапты Елбасы Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» және ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалалары ашады. Басқа мақалалардың авторлары – университеттің танымал түлектері. Олардың арасында минис-

орынбасарлары, Конституциялық Кеңестің төрт төрағасы, төрт Жоғарғы сот төрағасы, жеті бас прокурор болды. ҚазҰУ-дың бес түлегі облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері болып тағайындалды. Тәуелсіздік жылдары 43 түлек әртүрлі министрліктерді басқарды. Төтенше және өкілетті елшілердің ішінде ҚазҰУ-дың дипломдарымен 52 дипломат бар. Статистиканы әрі қарай жалғастыра түсуге болады.

«Қайраткерлер қолтаңбасы. Автографы авторитетов» жобасы егемен мемлекеттің идеологиясы мен саясатының бастауында тұрған, тәуелсіздікке ерекше үлес қосқан түлектер туралы бірегей басылым болмақ. Осындай жобалармен өзі де ҚазҰУ-дың түлегі, жаңа ректор Жансейіт Қансейітұлының университетіміздің дамуына жалғасқан жаңа кезеңі басталмақ.

– Қазақ елінің дамуына сүбелі үлес қосқан білім ордасы түлектеріне арналған «Біздің элита» жобасының бас редакторы екеніңіз мәлім. Болашақта бұл кітаптың жаңа томдықтары басылып, дәстүрлі жалғасын таба ма? Замандастарыңыздан елдің, оның ішінде ҚазҰУ-дың дамуына үлесі мол тиді деп кімдерді атап айтар едіңіз?

– Біздің альма-матер Қазақстанда бірінші болып Түлектер қауымдастығын құрды. Қауымдастық аясында ғылыми жобаларды жасау, университеттің келбетін жақсарту, үздік студенттерді қолдау, арнайы аудиторияларды ашу тұрақты тәжірибеге айналды.

«Біздің элита» кітабы – қауымдастықтың алғашқы жобаларының бірегейі. Осындай ауқымды жобаны ұсына отырып, түлектеріміздің әзірлігі халықаралық деңгейге жауап беретініне және заманауи нарықтың талаптарына сәйкестігі мен бәсекеге қабілеттілігіне еш күмән туғызбайтынына сенімдіміз. Келесі томдарға кіретін түлектердің тізімін, олардың қажетті деңгейін нақтылайтын басты көрсеткішті отандық білім беру үнідері ретінде қауымдастық пен университет басшы-



лығы анықтайды. Төртінші том университетіміздің 90 жылдығына арналмақ. Қазірдің өзінде кандидатураларды іріктеу, студенттік мұрағат істерін зерделеу жұмыстары жүргізілуде. «Біздің элита» энциклопедиясының алғашқы кітаптарында барлық факультеттердің 672 түлегі туралы очерк бар.

– Терең білім игеру, білікті маман болу – уақыт көшінін қалмаудың басты талабы. Осы талаптың үдесінен шығу үшін бүгінгі таңда студенттер қандай қабілеттерге ие болғаны жөн? Қазіргі еңбек нарығы жағдайында ҚазҰУ түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қандай факторлар әсер етеді? Сіздің ойыңызша, білім ордасы түлектері қандай артықшылықтарға ие?

– ҚазҰУ – қазақстандық элитаның басты ұстаханасы. Мұнда білім алу әрдайым құрмет пен мәртебе, өйткені университет жастардың үміттерін ақтап, армандарын жүзеге асырады. Жоғарыда атап өткенімдей, көптеген ҚазҰУ түлектері бизнесте, мемлекеттік органдарда үздіктер қатарында қызмет етіп жүр. Біздің түлектер экономиканың түрлі салаларында, Қазақстанның дамуына баға жетпес үлес қосып келеді. Сондықтан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі атану – бұл өзіндік сапа белгісі. Біздің альма-матер – посткестік кеңістіктегі жоғары оқу орындары арасында Мәскеу мемлекеттік университетінен кейінгі QS рейтингі бойынша жаһандық деңгейде мойындалған әлемдегі ең үздік 200 университеттің қатарына кірген жалғыз университет. Оқу орнының жоғары мәртебесі студенттің білім деңгейі ғана емес, сонымен қатар олардың белсенді азаматтық ұстанымы, әлеуметтік жауапкершілігі, рухани-адамгершілік қасиеттері. Бүгінгі ұстаздар аға буынның көшін жалғап, жаңа Қазақстанның дамуына еңбек ететін өз елінің патриот-жастарын тәрбиелеуде. Біздің ерекше мақтаншымыздың негізі – өздері оқыған оқу орнының тағдырына белсене

араласқан университет түлектерінің бауырмалдығы, бірлігі, корпоративті рухы.

– Биылғы Түлектер күні ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналуда. Университетіміздің қадірлі түлегі ретінде оқу бітірушілерге айтар тілегіңіз қандай?

– Түлектер күнін атап өту – өз дәстүрімізге деген тұрақтылық, ұстаздар мен әріптестерімізге деген шынайы құрмет. Бұл – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне деген үлкен махаббатымыз бен алғыс айтар күніміз. Әрдайым осылай бола бермек.

Ең алдымен университетті биыл бітіретін түлектерді шын жүректен құттықтаймын! Үлкен өмірге басқан қадамдары сәтті болғай! Бүгінгі таңда жаңа Қазақстанда бәрі де мүмкін, кез келген студент ертең үлкен қызметтер істей алады. Бастысы – тиянақты оқу және үнемі өз-өзінді дамыту. Жастар ұлттық бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтере алуы үшін сапалы және суранысқа сай құзыреттіліктерге ие болып қана қоймай, сонымен бірге ел тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін де сезінуі тиіс. Әрине, студенттердің әрқайсысы көшбасшы болуды армандайды. Әбу Насыр әл-Фараби: «Мемлекеттегі көшбасшылар адамдарды әл-ауқатқа жетелеу үшін туып, тәрбиеленеді», – деп берекеге айтпаса керек. Сондықтан университет түлектері ең алдымен өз болашағын ел болашағымен байланыстыруы керек. Ұлы ғұлама сондай-ақ «Нағыз көшбасшы болу үшін кәсіби құзыреттіліктермен қатар, адалдық, ізеттілік, әділдік, бекзаттық пен ақиқатқа ұмтылысты қалыптастыру қажет» деген екен. Ең бастысы – өзіңе сеніп, кез келген биіктікке жетуге тәуекел ету керек. Әрине, үнемі өзіңмен жұмыс істей отырып, мақсатты және жігерлі болған абзал. Бәсекеестікке де әрқашан дайын болу керек.

– Қайрат Әбдіразақұлы, мазмұнды сұхбатыңыз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

ҚазҰУ – дарындылар мекені. Университеттің жетістігі, беделінің көрсеткіші – түлектері, олардың жеткен жетістігі. Сол тұрғыдан алғанда, біздің университет өз түлектерімен мақтана алады. Олар өздерінің жеткен жетістігімен университетімізді ғана емес, бүкіл елімізді білікті маман ретінде әлемге танытып жүр. Осындай білікті маман, беделді азаматтың бірі – Мұсабек Әлімбаев.



Мұсабек Тұрғынбекұлы 1981 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдаған. Заң ғылымының докторы, профессор. ҚР Жоғарғы сотының төрағасы лауазымын атқарған, сот жүйесінің қалыптасуына және жетілуіне зор үлес қосып келе жатқан беделді заңгер.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып отырған Түлектер күні қарсаңында Мұсабек Тұрғынбекұлы өзі оқыған білім ордасына, яғни заң факультетінің үздік студенттеріне, болашағынан үміт күттіретін жастарға демеушілік жасап, қолдау білдірді. Сондай-ақ, атап өту керек, заң факультетінің деканы з.ғ.д., профессор Д.Байделдинов оқудағы үздік жетістіктері үшін заң факультетінің 4-курс студенті Аяжан Төлегенге Заң факультетінің түлектері атынан шәкіртақы тағайындады.

Қазақта «Булақ көрсен көзін аш» деген нақыл бар. Болашағы зор, білімге құштар жастарға демеу болып, қолдау білдіру

ҚҰРМЕТ БИГІНДЕГІ ҚАЙРАТКЕР

болашақтың негізін қалаумен тең. Иә, жастар – ілгері дамудың негізгі қозғаушы күші, еліміздің дүниежүзілік аренада бәсекеге қабілеттілігінің басты факторы, еліміздің салтын, дәстүрін келер болашаққа жеткізуші көпір. Көпірдің нық салынуы – оған бөлінген қаржы мен сапаға байланысты. Жастардың білім алуы мен іс бастауына қаншалықты мүмкіндігі көп болса, ол соншалықты нық болатыны анық.

Сот жүйесінде білім мен біліктілікті ұштастырып, өзінің мол тәжірибесін кейінгі жастарға үйретіп, ақыл-кеңес беретін ағалардың болғаны абзал. Кәсіби шеберлікті шыңдауда, адами қасиетті қалыптастыруда алдыңғы буын ағалардың болғаны көңілге медеу, өскелең ұрпаққа асқар тау. Ендеше, аға буынның қажырлы еңбегі ұрпаққа мәңгі үлгі-өнеге болып қала бермек.

Елі үшін адал қызмет атқарған азаматты ардақтау – ұлтымыздың аса қастерлі дәстүрі. Қазақ мұндайда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп жатады. Осындайда жақсылықты жақтайтын, адамдықты сақтайтын барша жұрттың көңілі бір марқайып қалары сөзсіз. Сондықтан да Мұсабек Тұрғынбекұлы әрдайым құрмет биігіне.

А. ЖАТҚАНБАЕВА,

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор



ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мәскеу ислам институтының ректоры, Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Дамир Мухетдиновпен кездесті. Әңгіме барысында тараптар ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен серіктестік бағыттарын талқылады.



Оқу орнының басшысы алдымен дін саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды. Көрнекті мемлекет қайраткері ретінде ол конфессияаралық және өркениетаралық диалогты жүргізу тәжірибесімен бөлісіп, діни ағарту жұмыстарының маңыздылығына мән берді.

Сонымен қатар ректор білім ордасының философия және саясаттану факультетінде дінтану және мәдениеттану кафедрасы жұмыс істейтінін тілге тиек ете келе, мәдениет, ғылым мен білім беру салаларындағы өзара ынтымақтастықтың зор әлеуетін атап өтті.

Қадірменді қонақ өз кезегінде Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасының бітімгершілік қызметі туралы әңгімеледі. Дамир Мухетди-

нов діни алауыздықтың алдын алу, лаңкестікке қарсы күрес шаралары жайлы айта келе, жастардың діни сауаттылығын арттыру бағытында ары қарай бірлесе жұмыс істеуге ниет-тестігін жеткізді.

Айта кетсек, мәртебелі мейман бүгін ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында университет қабырғасында оқытушылар мен студенттерге арнап бұқаралық дәріс оқыды.

Сондай-ақ кездесуде дін мен салт-дәстүріміздің үйлесімділігі мен ерекшеліктері сөз болып, жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары жан-жақты қарастырылды.

**Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Алла – Диордың шығыс маржаны» деректі фильмінің бас продюсері, экономика ғылымдарының докторы, дипломат Берлин Иришевтің «ДИОР музасы. Алла Елшінің ашылмаған жұмбағы» (L'Enigme d'ALLA. Muse de DIOR) кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

«Париждің сәні мен әсемдігі» деп аталған онлайн шарада ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дидье Канесс, саясаттанушы Досым Сатпаев, белгілі қоғам қайраткерлері, мәдениеттанушылар, оқытушылар және студенттер қатысты.

Білім ордасының басшысы өз сөзінде автор ұсынып отырған кітапта бір ғана кейіпкердің тағдыры емес, XX ғасырдағы тарихи оқиғалар кезіндегі әйелдердің рөлі, үлесі қамтылғанын атап өтті.

Соғыстан кейінгі жылдары жоғары сән әлемін бағындырған Алла Елшімен жан-жақты таныстырған Берлин Иришевке алғыс білдіріп, автордың қоғамдық-саяси ортадағы сіңірген еңбегіне тоқталды.

Берлин Кенжетайұлының өз Отанының нағыз патриоты екенін айта келе, ғылым және жоғары білім саласының дамуына сіңірген еңбегі үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті профессоры атағы бері-

летінін жеткізді. Сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Ұйымдастырылған шараға ризашылық білдірген Берлин Иришев: «Жалпы әлемде Сән падишалары туралы аңыз көп. Бірақ халық тек деректі құжаттарға ғана сенеді. Біз тарихи мәліметтерге назар аудардық. Алланың өмірі туралы фактілерді жинау оңай болған жоқ. Соған қарамастан, зерттеуді тоқтатпаған шығармашылық топ Алла Елші туралы естеліктер мен ақпараттарды іздеп



табуда қыруар жұмыстар атқарды», – деді.

Сән әлемінде ойып тұрып орын алған, Парижді мойындат-



қан қазақ қызы Алла Елші Қытайда дүниеге келген, анасы – орыс ақсүйегі, опера әншісі Тамара Ильчун, ал әкесі – қазақтың дәулетті байының ұлы Қуантхан Елші. Қарапайым асханада ыдыс жуушыдан бастап подиумының жарқыраған жұлдызына дейінгі жолды жүріп қазақ аруы Алла Елшінің модельдік жолы 20 жылға созылды. Оның экзотикалық келбеті көрермендерді баурап, үнемі көпшіліктің назарын аударған. Оның киген көйлектерін танымал актрисалар мен аристократия өкілдері сатып алатын. Алла Елшінің «Шығыс інжуі», «Диордың сүйікті моделі» және модельерге халықаралық жетістік әкелген оның «музасы» деп атаған еді.

Осы уақытқа дейін өзінің

азиялық келбетімен сол кезде консервативті еуропалық сән әлемінде төңкеріс жасаған Диордың бірегей моделі көпшілік біле бермейді. XX ғасырдың ортасында Алланың атағы жер жарды. Оның әлем подиумдарында жасаған салтанатты шеруі әлемдік деңгейдегі журналистер мен танымал сарапшылардың теңеулері мен қошеметіне бөленді. Ал дизайнер қайтыс болғаннан кейін Алла Сен-Лоранда жұмыс істеді. 1950-ші жылдары кино жұлдыздары бойында қазақтың қаны бар шығыстың хас сұлуына қарап бой түзеді. Алла ақыл-парасат пен қайтпас қайсар мінезді сұлулығымен қатар үйлестіре білген бірегей тұлға болды.

Қазақстандық дипломат өз кітабында қазақ-орыс текті сән әлемінің падишасы Алла Елшінің таңғажайып тағдырын суреттей отырып, ұлы француз киім модельері Кристиан Диорға ұмытылмас ерекше әсер қалдырғанын баяндайды. Автор алғаш рет Алла Елшінің өмірі мен мансабы туралы сирек кездесетін ақпарат, отбасылық мұрағаттан алынған сирек фотоматериалдар, жалғыз ұлының естеліктері, халықаралық өнертанушылардың сараптамалық пікірлері және әкесі Қуантхан Елшінің қазақ екенін растайтын дәлелдерді топтастырған.

**Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі**

ШӘКІРТТЕР ШЫН ЖҮРЕКТЕН...

Кез келген оқу орнының атын шығарып, беделін өсіретін – оның дарынды, білімді түлектері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығы жыл сайын дәстүрлі Түлектер күнін ұйымдастырады. Университет қабырғасында білім алып, шартарапқа тараған түлектері 50, 40, 30, 20 жылдық кездесулерін жыл сайын осы қарашақырақта атап өтеді. Биылғы Түлектер күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткізіліп жатыр. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығы Қазақстанда бірінші болып құрылды. Ол бүкіл әлемді біріктіреді. Олай дейтін себебіміз – бұл оқу орнында оқыған шетелдік азаматтарды былай қойғанда, ҚазҰУ-дың қаншама түлектері өзге мемлекеттерде Қазақстанның мүддесіне қызмет етіп жүр. Түлектер күні қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атына жолданған көптеген құттықтаулар келуде.



Берік АРЫН,
ҚР-ның Сауд Арабиясындағы төтенше және өкілетті елшісі, Ислам ынтымақтастығы ұйымы жанындағы тұрақты өкілі

ҚҰРМЕТТІ ЖАНСЕЙІТ ҚАНСЕЙІТҰЛЫ, ҚАДІРЛІ УНИВЕРСИТЕТ ҰСТАЗДАРЫ, СТУДЕНТТЕРІ МЕН ТҮЛЕКТЕРІ!

Баршаңызды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен және жылда атап өтілетін, жақсы дәстүрге айналған Түлектер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тарих тұрғысынан қысқа мерзімде егемен еліміздің әлем мойындаған табыстарына қол жеткізуіне Әл-Фараби университетінің, оның ұстаздары мен түлектерінің қосқан үлесі ерекше мол. Сондай-ақ бүгінгі орайлы мүмкіндікті пайдаланып, құрметті Жансейіт Қансейітұлы, сізді «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің Басқарма Төрағасы – Ректоры болып тағайындалуыңызбен құттықтаймын! Әл-Фараби университеті сіздің жетекшілігіңізбен еліміздің маңдайалды жоғары оқу орны ретіндегі даңқты дәстүрлерін жалғастыратынына көміл сенемін.

Бүгінде ҚазҰУ өзінің заманауи жоғары білім беру сапасының, ғылыми ізденістерінің арқасында әлемнің үздік 200 университеті қатарынан орын алып, бүкіл ел мақтан тұтарлық жетістікке жетіп отыр. Біз оқыған жылдар Желтоқсаннан бастау алған еркіндік үшін күрес бүкіл кеңес республикаларында жалғасып, Кеңес Одағының ыдыраған, әлем картасында жас Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болған тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялаған тарихи күн – 1991 жылғы 16 желтоқсанда Республика алаңына барып, осы қасиетті сәттің куәсі болдық. Жас мемлекетіміз басынан кешірген сол кездегі қиындықтарға қарамастан, университет ұстаздары бойымыздағы ізденіске деген құштарлықты дамытып, жақсы білім алып шығуымызға көмектесті. Біз де егемен елімізге қызмет етеміз деген сезіммен күнделікті оқу үрдісіне үлкен жауапкершілікпен қарадық. Міне, сол арманым орындалып, ширек ғасырдан астам мемлекеттік қызмет пен дипломатия саласында еңбек етіп келемін. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу – бұл аса маңызды міндет. Еліміздің болашағы дарынды, отаншыл жастардың қолында болу керек» деп атап өтті. Сондықтан саналы ұрпақ тәрбиелеп отырған ұстаздарға қажымас қайрат пен тың шығармашылық табыстар, ал студенттерге білім мен ғылымға деген талмас құштарлық тілеймін!



Қанат ТУМЫШ,
ҚР-ның Оңтүстік Африка Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі

ҚҰРМЕТТІ ЖАНСЕЙІТ ҚАНСЕЙІТҰЛЫ!

Еліміздің білім ордасы, ғылыми қарашаңырақ, э.ғ.д., проф. Раушан Елемесов, з.ғ.д., профессор Сағынғали Айдарбаев сияқты және өзге де асыл ұстаздарым қызмет ететін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дәстүрлі Түлектер күніне орай, Қазақстан Республикасының Оңтүстік Африка Республикасындағы елшілігі ұжымының және жеке өз атымнан шын жүректен шыққан құттықтауларымызды білдіруге рұқсат етіңіз! Мен де, ҚР-ның ОАР-дағы төтенше және өкілетті елшісі ретінде ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар және әлемдік экономика мамандығы бойынша түлегі болғанымды мақтан тұтамын.

ҚазҰУ-дың білім ордасы ретіндегі дамуы, жас буын өкілдерінің заман талабына сай саналы тәрбие әрі сапалы білім алуы тұрғысынан алғанда Түлектер қауымдастығының маңызы өте зор. Біз де осы үдеріске жан-жақты үлес қосуға ынталымыз. Бұл мереке биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында өтіп жатыр. Тәуелсіздік жылдарында Тұңғыш президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында университеттің мықты ғылыми базасы қалыптасты, дүниежүзілік деңгейде барынша танылып, әлемнің жетекші



академиялық институттарының біріне айналды. Ардақты профессорлар және құрметті оқытушылар қауымы, ҚазҰУ-дың халықаралық білім, ғылым және мәдениет орталығы ретіндегі дамуы, оның халықаралық білім беру кеңістігіндегі рөлі, мәртебесі мен рейтингі бұдан былай да арта берсін! Университеттің ғылыми әрі білім беру қызметін жаңашыл әдістері арқылы сапалы көкжиектерге қол жеткізу үшін көмек көрсетуге, оның халықаралық серіктестерімен қарым-қатынастарын нығайтуға және қоғамымызда ҚазҰУ-дың жоғары құндылықтарын тарату үдерісіне белсене атсалысуға ниеттіміз. Студенттерге терең әрі сапалы білім, сондай-ақ нағыз ұлттық тәлім-тәрбие берудегі ерен еңбектеріңіз, зор қызметтеріңіз әрқашан да жемісті болғай! Алар асуларыңыз, бағындырар белестеріңіз әрдайым биік болсын деп тілейміз. Дәстүрлі Түлектер күні құтты болсын!



Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

ҚҰРМЕТТІ ЖАНСЕЙІТ ҚАНСЕЙІТҰЛЫ, УНИВЕРСИТЕТ ҰСТАЗДАРЫ, СТУДЕНТТЕРІ МЕН ТҮЛЕКТЕРІ!

Баршаңызды университет түлектерінің басқосу күнімен шын жүректен құттықтаймын! Расында, дәстүрге айналған бұл күн – құндылығы жоғары игі бастама. «Алдыңғы толқын – ағалар мен артқы толқын – інілердің» барлығы да аман-сау болсын! Бұл әйгілі университеттің түлектері Қазақ елінің тарихымен бірге жасасып келе жатқаны айдан анық. Мәселен, еліміздің өркендеп, дамуына өз үлесін қосқан өз ісінің шеберлері – небір ғұламалар мен мемлекетті басқару қызметіндегі абыройлы болған азаматтар, спортшылар, журналистер, ақындар, тарихшылар, математиктер, физиктер т.б. осы ҚазҰУ-дан түлеп ұшты. ҚазҰУ-дың жеткен жетістіктері әрқашан мақтан тұтарлық деңгейде әрі тұғырлы мем-

лекетіміздің асқақ абыройы. Егемен елдің соңғы 30 жылдық кезеңінде де Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті даярлаған кадрлар мемлекетіміздің өркендеуіне белсене атсалысып келе жатқанын жақсы білеміз. Одан бұрын да біз үлгі тұтар тұлғалар көп болды. Қайраткер азаматтар мен азаматшалар университетіміздің білімді де білікті ұстаздарынан алған білімімен келер ұрпаққа жемісті еңбегін көрсетуде. Аға-апалардың орны әрдайым ерекше, ал жас ұрпақ солардан өнеге алып, жолын қуып, ізін басса Отанымыздың ең бір беделді, ақылды, абыройлы азаматтары болып шығарына сенемін.

Әрдайым жолдарыңыз ашық болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Айдар НҮРӘЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

ҚҰРМЕТТІ ЖАНСЕЙІТ ҚАНСЕЙІТҰЛЫ!

Сізді және еліміздің білім ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің барша ұжымын дәстүрлі Түлектер күнімен және өзім білім алған халықаралық қатынастар факультетінің 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз! Студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы еңбектеріңіз елеулі және мемлекетіміздің болашағын қалыптастырудағы мәртебелі қызметтеріңіз өлшеусіз!

Аталған мереке биыл Тәуел-



сіздігіміздің 30 жылдығы аясында өтуде. Тәуелсіздік жылдарында Тұңғыш президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында университеттің мықты ғылыми базасы қалыптасты. Елбасымыз көрегендікпен негізін қалаған, Президентіміз бүгінде табысты жүргізіп келе жатқан саясатын дәйекті түрде жүзеге асыруға жоғары оқу

орындарының қосатын үлесі зор. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сапалы білім беру, тереңдетілген ғылыми-зерттеулер жүргізу, жаңа инновацияларды өндіріске қосу және жоғары білікті мамандар даярлау ісінде қашанда алда, білім беру саласында әрдайым көш басында келеді.

Өзіңізге осынау игі, маңызы зор жолда атқарып жүрген абыройлы әрі беделді қызметіңізге толағай табыстар, зор денсаулық, қажымас күш-жігер, ырыс, құт-береке және ұзақ та мәнді ғұмыр, университет профессорлары мен оқытушыларына аса жауапты білім беру қызметінде үлкен табыс пен жетістіктер тілеймін!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдегі ең озық білім беру ордаларының алдыңғы қатарында бола беруіне тілектеспін!

Өркениетті елдер қатарына еніп, жаһандану көшіне ілескен еліміз үшін ең басты мәселе – ұрпақ тәрбиесі. Елдің атын сақтайтын, даңқын шығаратын да білімді азаматтар. Халықтық рухты асқақтатуға ең алдымен сананың өзгеруіне ықпал ететін әрекет керек. «Заманына қарай амалы» немесе «Әрекетте берекет бар» дейді дана халқымыз. Осы бағытта Тұңғыш президентіміздің ұлттық руханиятымызды дамытуға арналған ауқымды бағдарламасы дер кезінде қабылданып, оны жүзеге асыруда көп жетістіктерге қол жеткіздік.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарыққа шығып, көптеген күмәнді мәселелерді сейілтп, еліміздің болашақ қадамын айқындап берді. Онда дамудың нақты алты бағытын – ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті дамыту, білімнің салтанат құруы және сананың ашықтығы деп атап көрсете отырып: «Мен халқымыздың тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деді.

Өркениетке ілесудің жолы – ұлттық болмысымызды сақтай отырып, жан-жақты біліммен қарулану. Әсіресе сол ауқымды жобаның «Тәрбие және білім» бөлімі, «Саналы азамат» аясында: «Мамандықтар әлемі», «Алтын қазына», «Ұлы өнертабыстыққа алғашқы қадам», «Дарындылар елі», «Кітап – білім бұлағы», «Отбасы әлемі», «Бизнес», «Ұлы дала жастары», «Білім сапасының деңгейін зерттеу», «Латын әліпбиіне көшу» деген бағыттар қамтылған. Байқап отырсақ, әр бағыт өте салмақты мәселелерді көтеріп тұр. Елімізде осы бағдарлама бойынша қаншама ауқымды шаралар жүзеге асты: дарынды жастарды қолдау, кәсіпкерлікті дамыту, түрлі даму орталықтарындағы сайыстар, инновациялық іс-тәжірибелерді насихаттау, өлкетану бағытында еліміздің әр өңіріндегі тарихи нысандарды қалпына келтіру, өз өлкесіндегі таланттарды іздеу, олардың өнегелі істерін үлгі ете отырып, қолдау көрсету – бәрі де мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары жұмыстар. Бұл істердің басында ұстаздар тұр. Саналы азамат қалыптастыруда әлемдік бәсекеге қабілетті, терең білім мен ұлттық өнерді игерген жастарды тәрбиелеп шығару – ұстаздарға жүктелген аманат. Барлық ізгі жаңалықтар мен өзгерістерді ұстаздардың атқаруы заңдылық. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген даналықтың мәні ұстаздар мен ғалымдардың тынымсыз еңбегімен өзектес. Ел болашағы білімді жастардың қолында.

Еліміз өркениет көшіне еркін ілесіп, әлемді білімімен, өнерімен тамсандыратын сапалы адам капиталын қалыптастыру жолында түрлі маңызды жобалар университетімізде де жолға



ҰЛТТЫ САҚТАП ҚАЛУ ҚАМЫ – БІЛІМДЕ

қойылған. Әлемнің үздік университеттерінің алдыңғы жүздіктері қатарына енген білім ордасының бай тәжірибесі мен жаңашыл бағыттары білімге ұмтылған жастарға тың серпін беріп, кең қанат жаюына көмектесуде. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде әлемнің әр елінен келіп, білім алып жатқан шетелдік (1985 жылдан бері Америка, Жапония, Корея, Ауғанстан, Түркия, Германия, Палестина, Үндістан, Пәкістан т.б. мемлекеттен келіп, білім алуда) және қандас бауырларымыз бір жыл ішінде білім игерумен қатар, қоғамдық ортаға бейімделіп, Алматы қаласының және еліміздің әсем де бай тарихымен танысып, мол мағлұмат алып, қанаттанып шығады. Бұл – Тұңғыш президент Н.Назарбаевтың 2003 жылы 10 шілдеде №1149 жарлығымен бекітілген «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында басталған игі істердің бірі. Онда әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақ бауырларымызды атажұртқа көшіру, оларға әлеуметтік қолдау көрсету, тегін білім беру мәселесі жоспарлы түрде көрсетілген болатын. Соның нәтижесінде Қытай, Моңғолия, Ресей, Түркия, Германия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Иран т.б. көптеген елдегі қандастарымыз елге бет бұрды.

Осы ұлт болашағы үшін маңызды жоспардың негізінде Білім және ғылым министрлігінен арнайы грант бөлініп, бүгінгі күнге дейін мыңдаған жас тегін білім алуда. Жыл сайынғы шетелден келуші қазақтар санының өсуіне орай, университетімізде дайындық бөлімі кеңейтіліп, шетелден келген қазақ балаларының елге келуіне, білім алуына, кәсіби мамандыққа баулу, ортаға бейімделуіне арнайы жағдайлар жасалды. Оқу орнын

бітірген, түрлі кәсіпті игерген алғашқы түлектердің легі бүгінде өз елінде ұлт руханияты мен экономикасын көтеруде ауқымды істер атқарып, ел дамуына үлестерін қосып жүр. Мәселен, алғашқы түлектеріміз: танымал журналист Біләл Қуаныш, ақын Жақсылық Қажымұрат, жас ғалымдар Нұржума Елесбай мен Алмас Оралбек, ақын қызымыз Гүлден Әзілбек, белгілі драматург Әннес Бағдат, танымал «Алаш ұлы» тобында өнер көрсеткен әнші-сазгер Үшқын Жамалбек – біздің мақтан тұтар шәкірттеріміз.

Оқуға қабылданған жастар университетіміздің барлық ауқымды шараларына қатыстырылады. Тындаушылар өздерін жан-жақты дамытып, білім алумен бірге, өнердің түрлі саласында шыңдалып, ғылыми конференцияларға қатысып, өздерін қызықтырған тақырыптарында ғылыми жобалар дайындайды. Түрлі спорт, мәдени сайыстарға да қатысады. Университетімізде өткізілетін дәстүрлі «Студенттік көктем» фестивалінде, «Наурыз» ұлттық мерекесі сайыстарында, «Мен жастарға сенемін» форумдарында шәкірттеріміз бірнеше рет жүлделі орындарды жеңіп алды.

Жалпы, шетелдегі қазақ бауырларымыздың ұлттық өнерге, туған тілге, ата дәстүрге деген құрметі мен махаббаттары ерекше. Жат жұртта туып-өскен бауырларымыз тіліміз бен дәстүріміздің қаймағын бұзбай сақтап келіп, ұлттың ұйысуына, халықтың сапалы дамуына өз үлестерін аянбай қосуда. Мәселен, дәстүрлі «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты халықаралық ғылыми-студенттік конференцияда түрлі жаңа жобалар мен инновациялық бағыттағы ғылыми ізденістер жарияланып тұрады.

Ондағы талантты шәкірттер еліміздің рухани әлемінің дамуына атсалысып жатқандығын байқаймыз. Мәселен, Салтанат Жеңісбектің «Күн энергиясын тұрмыстық жағдайларға пайдаланудың тиімділігі», Қауария Бекенқызының «Тіл байлығы – ел руханиятының асыл қазынасы», Әсел Ергалиеваның «Желтоқсан оқиғасының саяси құқықтық маңызы», Ақиқат Мағауияның «Қазақтың ұлттық ойындарында кездесетін физикалық өлшемдер», Жәкей Қуатбектің «Ат – қазақ мәдениетінің бренді» т.б. көптеген ғылыми ізденістерден біз оралман-тындаушылардың білім мен ғылымға деген қызығушылықтары мен зор талаптарын байқадық.

Жастарымыздың дүниетанымын кеңейту, шығармашылығына жол ашу үшін білікті мамандар мен оқытушылар жетекшілік жасайды. Мұның сыртында, еліміздегі киелі жерлерге, тарихи нысандарға, мәдени орындарға

нің пенделері төрт қабырғаға қамалғанымен, озық идеялары мен терең білімдерін жарыстыруда. Біліммен бәсекеге түсіп, ұрпағын сақтап қалу үшін озық істері мен тәжірибелерін үлгі етуде. Бұдан шығатын қорытынды біреу-ақ: балаларымызды ерте жастан білімге баулып, саналары тундық кезінде миға қаққан сынадай сапалы білім беру. Ұлтты сақтап қалу қамы – осы білімде ғана.

«Білім» деген сөздің көкжиегі кең, зор екені белгілі. Осындай жауапкершілікті арқалаған ұстаздар ыждағатты, ізгілікті, сабырлы болса, қоғамдағы ұлы өзгерістердің көшін сүйрейтін ұрпақты сақтап қала алады. Ұстаздан ұят кетсе, өтірік білім беріп, дүмше молданың қарекетін жасаса, Абай айтқан «аққу көкке тартып, шаян көлге тартып», тапжылмай отырармыз. «Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет.

саяхаттар ұйымдастырылып, туған елдің тарихы мен мәдениетімен таныстыру дәстүрлі түрде жүргізіледі. Әсіресе қасиетті Түркістан қаласына, Шарын шатқалы, Есік қорғаны сияқты орындарға арнайы экскурсия жасалады. ЖОО дейінгі дайындық кафедрасында дәрістен тыс, «Шамшырақ», «Тарихыңды таны», «Темірқазық», «Сөз зергері» т.б. көптеген клубтар мен үйірмелер жұмыс істейді. Осындай танымдық жұмыстармен айналысу, шәкірттерді рухани шыңдау ісі клубтар мен үйірмелердің арқасында жүзеге асып отыр. Шетелден келіп, атажұрттың осындай игіліктеріне жастарымыздың ие болуы – тәуелсіздігіміздің арқасы. Олар осы алған білімдерін халқымыздың бай тілі мен дәстүрін, мәдениетін, тарихын тани отырып, өздерінің келген елдеріне насихаттап, елімізді әлемге танытуға ықпал жасайды. Халықаралық рухани, мәдени байланыстар түзіліп, жаһандық даму үдерісіне ілесуді көздейді. Ел руханиятын асқақтатуға себепкер болады.

Ұлттың ұйысып, ұрпағымыздың саналы да рухты болып өсуі үшін ең алдымен білім сапалы, тәрбие берік болуы керек. Әл-Фарабидің мына сөзі әрдайым есте болғаны жөн: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Ал ұлт тәрбиесінің тамыры тіпті тереңде. Ұлт көсемдерінің аманатын келер ұрпаққа үзбей, ардақтап апаратын жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі, ұстаздарға артылған қасиетті борыш. «Сөз – қару, мұны бұзуға жұмсақ бұзады, түзеуге жұмсақ түзейді», – деп Алаш көсемдері айтқандай, дер кезінде айтылған сөз бен жасалған әрекет нәтижелі болмақ. Қазір адамзаттың алдында зор қауіп төніп, жер әлем-

Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі – осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік», – дейді есіл ерлер («Қазақ» газетінің алғы сөзінен. 1913 жыл).

Біз бүгін алпауыт елдердің қарыштап дамыған екпініне ілесу, өркениетті елдер көшіне қосылу жолындамыз. Елбасы атап айтқандай, ол оңай жол емес. Жаһандану заманында жас мемлекет болсақ та, өз ұлттық болмысымызды сақтап, мәдени құндылықтарымызды игеріп, оны әлемге таныта отырып алға басып келеміз. Кешегі Алаш қайраткерлерінің аманаты орындалып, әлемнің бар қазағы бір көк тудың астына жиналған күнде аман жеттік. Енді осы тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, болашағы баянды болуы үшін жас ұрпағымыз білімді, рухты, еңбекшіл және ынтымақты болуы керек. Болашаққа барар жолда білімділердің өз дәуірінде ұрпақ үшін атқарып кеткен істерін жалғастырып, үнемі тәрбие көзіне айналдырып, ұрпақ санасына сіңіріп отыру – парызымыз. Сөзіміздің басында атап өткендей, білімнің салтанат құрған дәуірінде ұлттық болмысымызды сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, ашық саналы ұрпақ тәрбиелеу ісіне адал болайық. «Ел боламын десең, бесіңді түзе!» деген қанатты сөздің мәні де осында жатыр.

Жанна ӘДІЛХАНОВА,
ЖОО дейінгі білім беру
факультеті
ЖОО дейінгі дайындық
кафедрасының аға
оқытушысы

Университетіміз кез келген салада инновацияның әлеуетін пайдалана отырып жаңа жобаларды жүзеге асырып келеді. Солардың арасынан TOURISMKAZ мобильді қосымшасын ерекше атап көрсетуге болады. Туристерге де, туристік қызмет көрсетушілерге де тиімді бұл платформа – еліміздегі тұңғыш цифрлық сауда алаңы. Қосымшаның қыр-сырын білу мақсатында жоба жетекшісі Әлия Ақтымбаеваны сөзге тарттық.

Ол – қарашаңырақтағы рекреациялық география және туризм кафедрасының меңгерушісі. Маманның айтуынша, бұл саяхатшылар үшін ыңғайлы платформа. Өйткені мұнда қалтаңызға қарап, өз талғамыңызға лайық турды сатып алуға болады. Әрі қонақүйге тікелей тапсырыс беріп, жүргізушіні де таңдай аласыз. Сонымен бірге туристік нысанды онлайн картадан көріп, алдын ала танысуға, панорамалық 3D суреттерін көруге және QR кодын сканерлеп, осы объект туралы қызықты мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшадағы барлық ақпараттың құрылымы бір жүйеге келтірілген. Соның арқасында өзіңе ұнайтын турды іздеу, оны профильге қосып, сол жерде бірден сатып алу қиындық тудырмайды. Интуитивті деңгейде платформаның дизайны мен құрылымы өте түсінікті.

САПАРДА СЕРІК БОЛАР

Турфирмалар, қонақүйлер, ұлттық парктер, курорттар мен санаторийлер осы цифрлық платформа арқылы өз өнімдерін сата алады. Демек, TOURISMKAZ мобильді қосымшасы туристік қызметтерді нарықта өткізудің тағы бір арнасы деуге болады. Сондай-ақ гид немесе экскурсоводты таңдау, тілді өзгерту, QR-кодты сканерлеу, билеттер сатып алу, виртуалдық тур сияқты мүмкіндіктері бар. Осыны ескере келе, мобильді қосымша халықаралық стандарттарға сәйкес деп сеніммен айта аламыз.

Жобалауымызша, аталған мобильді қосымша шетелдік және өз саяхатшыларымыздың арасында отандық туризмнің танымалдығын арттыратын бір-ыңғай жүйе болмақ. Одан бөлек, travel-бизнесінің субъектілері осы платформаның көмегімен кейбір бизнес-процестерді автоматтандырып, бағалау мен рейтингтер жүйесі арқылы нарыққа мониторинг жүргізе алады, – дейді Әлия Сағындыққызы.

Жоба жетекшісі ішкі туризм нарығының дамуына мобильді қосымшасының әсері туралы да ойымен бөлісті.

Туристік бизнес – бұл бизнесіміздің мобильді бағыты, – дейді ол. – Бұл саладағы кәсіпкерлер клиентпен үнемі байланыста болуы керек. Кез келген жағдайды қашықтан үйлестіріп, сурақтар мен ескертулерге мүмкіндігінше тез жауап беруі тиіс. Аяқасты ұсыныс түскен жағдайда суыт турларды ұсынуға дайын болуы шарт. Айта берсең, бұл тізімді жалғастыра беруге болады.

Инновациялық технологиялар туризм нарығының құрылымын айтарлықтай өзгертті. Саяхатшыларға арналған кез келген сервис қазір мобильді қосымшаларды пайдалануда өте белсенді. Бұл туризмнің дамуына тікелей ықпал етуде. Нәтижесінде әлемді тануға қиындар азаматтар үшін дайын ақпараттық орта қалыптасты. Уақыт өте келе мобильді «көмекшілерге» деген сұраныс арта түсері анық, онсыз туристік бизнесінің қарыштап дамуын елестетудің өзі мүмкін емес. Өкінішке қарай, ақпараттық жүйелердің дамуына қарамастан, бұл

нымен бірге креативті инновациялық шешімдердің көмегімен ұсыныстар спектрін кеңейту және ақпараттық қолжетімділікті арттыру қажет. Бұл елімізде қайта саяхаттап келушілер санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

басты функцияларды біріктіріп, кәсіби мобильді қосымшаны пайдаланудың уақыты жетті. Ары қарай оны халықаралық нарыққа шығарудың жолдарын қарастыру қажет.

– Осылайша өңірге келуші-

Мұндай бизнес-тәсіл «агенттік модель» ретінде де белгілі. Басқа туристік брондау/сатып алу қосымшаларынан айырмашылығы – туристік қызметтерді жеткізушілер мен саяхатшылар арасындағы келісімге қатыспаймыз. Бұл жеткізушілерге тарифтер мен орындардың немесе қызметтердің қолжетімділігін дербес басқаруға, сондай-ақ олардың ережелері мен жалпы ұсыныстары туралы ашық ақпарат беруге мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ болашақта кейбір туристік маршруттар мен ақпарат ақылы түрде жүзеге асырылады деп жобалануда, – дейді жоба жетекшісі.

ШЕКАРАҒА БАҒЫНБАЙТЫН ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМ

Оның айтуынша, мұндай кешенді мобильді қосымша сияқты бірдей қосымшалар әзірге кездеспеген. Алайда маман «мобильді қосымшалардың әсерін талдау кезінде цифрлық платформалардың шекаралары жоқ екенін ескеру қажет» дейді.

Мобильді қосымшалардың туризмді дамытуға белгілі бір елдің ғана емес, сонымен бірге аймақтың дамуына әсер етуінің көптеген жарқын мысалдары бар. Booking.com, Airbnb, TripAdvisor, 2Gis, Google maps, Aviasales, Anyuanyuanyu, Skyscanner сияқты әлемдік платформалар туризмнің дамуына тікелей әсер ететіні даусыз. Өйткені билеттерді сатып алуды жеңілдету, түрлі маршруттар құру, имиджді қалыптастыру, қажетті ақпаратты тез алу нарыққа бейімделіп, оза шабуға көмектеседі. Ал турист мобильді болып, көбірек сапарға шыққан сайын кәсіпкердің кіріс көлемі де арта түседі.

Туристер саны мен одан тұсетін табыс бойынша көш баспайтын Франция, АҚШ, Испания, Италия, Қытай, Түркия сияқты елдер әртүрлі мобильді қосымшаларды белсенді қолданады. Сол себепті Қазақстанда туризмді әлемдік тәжірибеге сүйене отырып және түрлі цифрлық технологияларды пайдалана отырып дамыту қажет, – дейді Ә.Ақтымбаева.

Өткен жылы мемлекет басшысы жаңа бағыт саналатын IT мен туризм секторына басымдық беру керектігін айтқан болатын. «Бұл салалар 300 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді», – деді Қ.Тоқаев. Расымен де, бұл секторлардың экономикаға берері мол, инновациялық әлеуеті де ұшан-теңіз. Тек пандемия аяққа тұсау болды дегенді жиі естиміз. Бірақ Covid-19 халықаралық туризмнің қарқынын баяулатқанымен, ішкі туризмнің дамуына леп бергенін де ескерген жөн.

Мәселен, бір ғана Маңғыстау облысына келген саяхатшылардың саны 177 мыңға жеткен. Бұл – соңғы жылдың көрсеткіші. Ал әуе рейстерінің саны ковидке дейінгі кезеңнен де асып түсті. Әрине, карантиндік шектеулер алынған соң. Жұртшылық табиғатта серуендеп, тауға шығуды көбейтті. Елімізде экотуризм серпін алды. Сәйдің экономикалық теориясына сүйенсек, сұраныс артқан жерде кез келген сапалы өнім тұтынушысын табады. Демек, қазір туристік нарықтың қажетін өтеуге жұмыс істейтін отандық өнімдерге барынша қолдау көрсету керек.

Кәмила ДҮЙСЕН

TOURISMKAZ – ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНД



технологиялар еліміздегі заманауи туристік бизнеске айтарлықтай маңызға ие бола алмай отыр. Ал шетелдерде ірі туристік және әлеуметтік-мәдени жобалардың ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық жүйелер өңірде туризмді дамытуды перспективалық жоспарлау жобаларын әзірлеу кезінде ерекше рөл атқарады.


Біз әзірлеп жатқан TOURISMKAZ мобильді қосымшасы болашақта саяхатты іздеу және брондау тәсілдеріне үлкен өзгерістер әкелуі мүмкін. Саяхатшылар үшін пайдалы функциялардың заманауи жүйесі мен пакетін ұсынатын біздің қосымша уақыт пен ақшаны үнемдеуге, көрікті жерлерді табуға көмектеседі. Демек, сапар барысында таптырмас көмекші болады десек, қателеспейміз, – дейді Ә.Ақтымбаева.

Қарап отырсақ, travel-менеджерлер аталмыш жоба арқылы клиентке ұсынатын қызметтер жиынтығын арттыра алады. Бұл қосымша ішкі туристік нарықта алғаш рет әзірленбек. Ол отандық туристік субагенттер мен агротуристік қызмет көрсететін шаруа қожалықтарының басын біріктіріп, туристік қызметтерді дамытуға және кеңейтуге ықпал етеді.

БІРІККЕН ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ БАР

«Барлық туристік қызметтердің басын біріктіру идеясы қайдан келді?» деген сұрағымызға кафедра меңгерушісі былай деп жауап берді:

Қазақстанның туристік нарығында саяхатшыға қажетті ақпараттың барлығын бір жерден алуға болатын мобильді қосымша жоқ. Қазіргі таңда туроператорлардың барлығы бірдей турпакеттер, яғни ең танымал көрікті жерлерге баруды ұсынады. Со-



Маманның айтуынша, елімізде туристер үшін ыңғайлы ақпараттық орта құрумен байланысты проблема да жоқ емес. Мәселен, отандық заманауи туризм технологияларының бірігуі мен цифрландырудың төмен деңгейі. Екіншіден, елдің шынайы туристік құралдар жөнінде аз хабардар болуы. Үшіншіден, қолжетімді туристік сегменттер тұтас бір туристік өнім ретінде жұмыс істемейді. Әрқайсысы өз алдына бөлек қызмет көрсетеді. Төртіншіден, интернет инфрақұрылымының жоқтығын, сондай-ақ алыс өңірлерде интернетке қолжетімділіктің төмендігін көруге болады. Бесіншіден, нарық субъектілеріне цифрлық алаңды қолдану үшін кәсіби дағды жетіспейді.

Жоғарыда айтылғандар еліміз үшін өте маңызды. Әсіресе маркетинг пен брондау бойынша


лерді барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін біз TOURISMKAZ мобильді қосымшасын әзірлеуге бел будық. Оның ішінде туристік объектілердің орналасуы, қызмет сипаттамасы және келушілерге арналған қызметтер тізімі туралы барлық деректі кездестіре аласыз. Қосымша екі бағытта: туристік қызметтерді жеткізушілер үшін және клиенттер үшін жеке-жеке дайындалатын болады, – дейді Әлия Сағындыққызы.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫҢ МОНЕТИЗАЦИЯСЫ

Біз туристік қызметті брондап немесе сатып алғысы келетін туристер мен осы қызметтерді жеткізушілер арасында делдал (агент) ретінде рөл атқарамыз.



МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КЕЗДЕСУ



50 жыл

Смағұл Елубай – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, кинодраматург, Журналистика факультетінің түлегі.

45 жыл

Жәрменов Әбдірасул Алдашұлы – "Қазақстан Республикасының минералды шикізатын кешенді өңдеу Ұлттық Орталығы" РМК Бас директоры, Ғылым мен техника саласы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Сыйлығының екі мәрте иегері, ҚР ҰҒА Академигі, т.ғ.д., профессор, Химия және химиялық технология факультетінің түлегі.

Пірәлиев Серік Жайлауұлы – ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Химия және химиялық технология факультетінің түлегі.

40 жыл

Қайрат Мами – ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Заң факультетінің түлегі.

Балиева Зағипа Яхьяқызы – VI сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі. Партиялық тізім бойынша сайланған «Нұр Отан» ХДП мүшесі, Заң факультетінің түлегі.

Ләйлә Ахметова – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектері Ассоциациясының негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Журналистика факультетінің түлегі.

Қали Сәрсенбай – «Ана тілі» газетінің Бас редакторы, ҚР Президенті сыйлығының және Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Журналистика факультетінің түлегі.

Катранова Зелина Ғаниқызы – «Восточное Рудоуправление» Компаниясының Бас директоры, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Химия және химиялық технология факультетінің түлегі.

20 жыл

Абаев Дәурен Әскербекұлы – ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары, Халықаралық қатынастар факультетінің түлегі.

«Уақыттан асқан білік жоқ, уақыттан асқан жүйрік жоқ» демекші, осыдан 50 жыл бұрын арман қуған жастар Қазақстанның түкпір-түкпіріне зор шабытпен аттанды. Осы уақыт аралығында қоғамда да, біздің өмірімізде де елеулі өзгерістер болды.



ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫ – ЕҢБЕК

Біздің ҚазҰУ-ды бітіргеніміздің 50 жылдығы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Адам баласы жақсылыққа тез үйренеді. Соңғы жылдарда елімізде болып жатқан оң өзгерістер – тәуелсіздіктің арқасы. Сондықтан да елдің болашақ тағдыры мен тәуелсіздік ұғымдары бір-бірінен алшақ кетпейді.

Тәуелсіздік жолы тақтайдай тегіс болмайтынына біз осы жылдардың ішінде көз жеткіздік. Тәуелсіздікпен мақтану, желпіну аз. Қазіргі

басты міндет пен парыз – тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау және оны одан әрі қарай нығайту. Халқымыздың басына түскен қандай да бір сынаққа қарамастан, тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы жасампаз істерімізді жалғастыра беруіміз қажет. Өйткені тәуелсіздік бәрінен де қымбат, бәрінен де қастерлі.

Ақ тілегімді өзіммен бірге бітірген курстастарыма да арнағым келеді. Осы уақыт аралығында барлығымыз отбасылы болып, ұл-қыз өсіріп, оларды үйлендіріп,

құтты орындарына қондырып, немере-шөбере сүйіп отырмыз. Біз қандай да болсын жетістікке жетудің жолы еңбек екенін естен шығар-

мадық. Соның нәтижесінде әртүрлі лауазымдарға көтерілдік, түрлі марапаттарға ие болдық. Университетімізден алған терең білімімізді жас ұрпаққа өз деңгейінде жеткізе білдік. Жастарды әркез адамгершілікке баулыдық.

Қадірлі ұстаздар мен курстастар! Бүгінгі қиын кезеңде арамыз сиремей, қуансақ тілеулес, мұңайсақ ниеттес болып, амандықта болайық. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Тұяқбай РЫСБЕКОВ,
профессор, т.ғ.д., академик

Шығыстану факультетін тамамдаған түлектердің басым бөлігі өз мамандықтары бойынша еліміздің әр аймағында қызмет істеп жүр. Алды жоғары лауазымды мемлекеттік қызметте жүрсе, екіншілері алған білімдерін болашақ шығыстанушыларды даярлау ісіне арнаған. Кейбір түлектер ұлттық және жеке компанияларда жұмыс істеп, университет қабырғасында жүріп үйренген шығыс тілдері арқылы тілін меңгерген елдермен тікелей байланыс жасап, кәсіптерін дөңгелетіп отыр.

парсы тілі мен әдебиетінен дәріс берген студенттерім жетерлік. Олардың әрқайсысы да мақтан тұтарлық. Дейтұрғанмен ең алғашқы шәкірттерім, 2000 жылғы шығыстану факультеті ирантану бөлімінің түлек-

ШӘКІРТТЕРІММЕН МАҚТАНАМЫН

Әрине, бұл жерде шығыстану факультетінің болашақ шығыстанушы мамандарды даярлауда жасап жатқан игі істерін айтпай кетуге болмайды. Университеттің алға қойған стратегиялық бағдарламасын орындау мақсатында факультетте ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Факультет деканынан бастап, әр кафедра меңгерушілері, оқытушылар құрамы студенттердің сапалы білім алуына, болашақ шығыстанушыларды, кәсіби маман даярлауда өз күш-жігерлерін аямайды. Барлық дәріс аудиториялары заманауи, дамыған материалдық-техникалық және компьютерлік құралдармен жабдықталып, білім алушыларға бар жағдай жасалған.

Шығыс тілдерін үйретуге арналған жаңа әдіспен әлемдік стандартқа сәйкес оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, сөздіктер құрастырылды. Әлемді шарпыған пандемия кезінде дәрісті онлайн жүргізудің машақатын бәріміз білеміз. Оқытушылар күніне бірнеше сағат компьютер алдында тапжылмай отыруға мәжбүр болды. Негізгі сабақтарымен қоса, күн-



делікті ұйымдастырылып жатқан ғылыми конференция, семинар, вебинар, мәдени шараларға қатысу және бар. Осының бәріне уақыт тауып, мүмкіндігінше қатысуға тырысып бағуда. Сондай-ақ университет оқытушыларына өскелең ұрпаққа тек академиялық білім беріп қана қоймай, тәрбие жұмысын жетілдіру де жүктелген. Осындай тәрбиелік мәні бар бағдарламаның бірі – түлектермен кездесу. Шығыстану факультетін бітірген әрбір түлектің жеткен жетістіктерімен біз де мақтанамыз, оларды жас ұрпаққа үлгі тұтамыз және бүгінгі студенттердің ертеңгі еліміздің болашағы екеніне сенім артамыз.

1994 жылдан бастап

тері мен үшін ерекше. Олардың университет бітіргендеріне 20 жылдан асты. Бірі дипломатиялық қызметте жүріп, Қазақстанның сыртқы саяси ынтымақтастығын ілгерілетуге, ал екіншілері ел экономикасының дамуына үлес қосып отыр. Бүгінгі таңда өмірден өз орындарын тапқан.

Түлектер күніне орай, еліміздің гүлденуі мен дамуына үлестерін қосып жатқан әр түлекке жолдарың әрқашан ашық, алар асуларың көп, алдағы уақытта да тек қана сәттілік жар болсын демекпін!

Г.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Эл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Қайыржан ТӨРЕЖАН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН, Алмабек ИБРАЙЫМОВ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Эл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында
теріліп, беттелді. «Қазақ университеті»
баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.